



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ

## ЛИЦЕНЗИЯ

банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға

Лицензия номірі № 1.2.35/225/37

Берілген күні 2021 жылғы 7 сәуір

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы

**Осы лицензия операциялардың мына түрлерін:**

депозиттерді қабылдау, занды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;  
депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;  
банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;  
банктердің жеке және занды тұлғалардың металл шоттарын ашуы және жүргізуі жатады, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетіледі;  
кассалық операциялар: банктердің және Ұлттық пошта операторының колма-қол ақшаны ұсактауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды коса алғанда, оны қабылдауы және беруі;  
аударым операциялары: жеке және занды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;  
есепке алу операциялары: жеке және занды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);  
банктік қарыз операциялары: банктің, ипотекалық ұйымның, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокердің және (немесе) дилердің немесе агроОнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарының төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысандағы кредиттер беруі;  
колма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын коса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;  
банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкасациялау;  
төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;  
аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;  
акшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру;  
үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беру  
**банк операцияларын (ұлттық және шетел валютасында) жүргізу;**  
тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, тазартылған бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сактау және сату;  
құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сактау және сату;  
вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшілердің вексельдерді төлеуі женинде қызметтер көрсету, сондай-ақ делдалдық тәртібімен домицилденген вексельдерді, вексельдер акцептін төлеу;  
лизинг қызметін жүзеге асыру;  
өзінің бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) шыгару;  
факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемсіз тәуекел етіп қабылдай отырып, төлем жүргізуді талап ету құқығын алу;  
форфейтингтік операциялар (форфетингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының қарыз міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу;  
сенімгерлік операциялар: сенімдердің мұддесіне және тапсырмасы бойынша банктік қарыздар және тазартылған бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;  
сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафттарды және бөлмелерді жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер  
**Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды (ұлттық және шетел валютасында) жүргізу;**  
номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызмет;  
бағалы қағаздар нарығындағы кастодиандық қызмет  
**бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға құқық береді.**

**Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:**

Банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізу:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Мемлекеттік Банкі берген 1992 жылғы 17 кантардағы № 74;

бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы берген 1997 жылғы 9 қыркүйектегі № 01030121.

M.O.  
Төраганың бірінші орынбасары

O. Смоляков



Алматы қаласы